

Көкшетау қаласының аумағын абаттандыру Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 11 мамырдағы № С-46/5 шешімі. Ақмола облысы Көкшетау қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 14 маусымда № 1-1-145 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2012 жылғы 20 маусымдағы № С-6/9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2012.06.20 № С-6/9 (бекітілген күннен бастап күшіне енеді) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 3 бабының 2 бөліміне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабы, 1 тармағының 8 тармақшасына сәйкес, Көкшетау қаласының мәслихаты ШЕШІМ Е Т Т І :

1. Қоса беріліп отырған Көкшетау қаласының аумағын абаттандыру Қағидасы б е к і т і л с і н .

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Т ө р т і н ш і</i>	<i>ш а қ ы р ы л ғ а н</i>
	<i>К ө к ш е т а у қ а л а л ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т ы н ы ң</i>
<i>46 сессияның төрағасы</i>	<i>Ж.Балғабаев</i>	
	<i>Т ө р т і н ш і</i>	<i>ш а қ ы р ы л ғ а н</i>
	<i>К ө к ш е т а у</i>	<i>қ а л а л ы қ</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Қ.Мұстафина</i>	
<i>«КЕЛІСІЛДІ»</i>		
<i>Көкшетау қаласының әкімі</i>	<i>М.Батырханов</i>	
<i>Көкшетау</i>	<i>қалалық</i>	<i>мәслихатының</i>
<i>2011</i>	<i>жылғы</i>	<i>11</i>
<i>№ С-46/5 шешімімен бекітілді</i>		<i>мамырдағы</i>

**Көкшетау қаласының аумағын абаттандыру
ҚАҒИДАСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Көкшетау қаласының аумағын абаттандыру Қағидасы (бұдан әрі-Қағида) қаланың абаттандыру, санитарлық ұстау, аумағын таза ұстау және тазалық ұйымдастыру, Көкшетау қаласындағы инфрақұрылым объектілерін ұстау және қорғау тәртібін белгілейді және меншік түріне қарамастан барлық жеке және заңды тұлғаларды қамтиды.

Қағида "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексіне, 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидада қолданылатын негізгі ұғымдар мен түсініктер

2. Көркейту – адамның қолайлы, жайлы және қауіпсіз өмір сүру ортасын қамтамасыз ететін элементтер мен жұмыстардың кешені. Бұл жұмыс кешені аумақты тазалау, көркейту объектілері мен элементтерін күтіп ұстау, пайдалану, жөндеу және қорғау жұмыстарын келесі негізгі бағыттар бойынша ұйымдастыруды қарастырады: инженерлік көркейту, үй маңындағы аумақты көріктендіру, жерде жұмыс жасау, көгалдандыру, дыбыстық және шулы режимі.

3.Тазалаудың тапсырыстық жүйесі – жеке және заңды тұлғалардың тапсырыстары бойынша қалдықтарды жинау және жою.

4. Бекітілген аумақ – заңды және жеке тұлғаға бөлінген аумаққа тікелей түйсетін, оны күту, санитарлық ұстау, тазалау, қызмет көрсету үшін бекітілген ж е р у ч а с к е с і .

5. Тұрмыстық қатты қалдықтар – арнайы қоқыс тасушы автокөліктерге тиелетін стандарттық сыйымдылықтағы типтік контейнерлерге салуға жарайтын тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарда (пәтерлерді ағымдағы жөндеуден шыққан қалдықтарды қоса есептегенде) пайда болатын тұтынудың тұрмыстық қалдықтары, пеш күлі, смет, түскен жапырақ, үйде тұтынатын заттар және бөлшектелген қатырғы қораптар.

6. Тұрмыстық сұйық қалдықтар – халықтың тіршілік әрекеті нәтижесінде пайда болған сұйық түрдегі қалдықтары

(орталықтандырылмаған канализацияның фекалды қалдықтары).

7. Ірі көлемді қоқыстар - өздерінің тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан, стандартты қалыптағы контейнерлерге сыймайтын, өздерінің көлемдік-салмақтық сипаттарына сай арнайы қоқыс жинаушы машиналармен тасуға жармайтын тұтынудың және шаруашылық қызметтің қалдықтары (тұрмыстық техника, жиһаз, жылытатын және санитарлық-техникалық приборлар ж ә н е т а ғ ы б а с қ а л а р) .

8. Инженерлік желілер және қондырғылар – қала тұрғындары мен кәсіпорындарды жылумен, сумен, электр энергиясымен қамтамасыз ететін, сондай-ақ ағын суларды жинап, басқа жаққа ағызуға арналған қаланы инженерлік көркейтудің техникалық элементтері.

9. Шағын сәулеттік нысандар – сәндік сипаттағы және күнделікті қолданымдағы объектілер, (мүсіндер, субұрқақтар, барельефтер, клумбалар мен гүл вазалары, павильондар, күркелер, отырғыштар, урналар, балалар ойындары және ересектердің демалысына арналған қондырғылар мен конструкциялар, сәндік хауыздар, көркемдеп жасалған қоршаулар, аркалар, флагштоктар, дүңгіршектер, телефон автоматтары, көшелер мен үйлердің тақталары, сыртқы көрнекі жарнаманың тұрақты объектілері, будкалар, билбордтар, лайтбокстар, қалқандар, стеллалар, пилондар, электронды және жалюзды экрандар, витриналар, транспаранттар).

10. Автотұрақ- жобалық-сметалық құжаттама негізінде ұйымдастырылып, автомобиль көлігін орналастыруға арналған аумақ.

11. Уақытша объект – арнайы бөлінген орындарда орналастырылған (рыноктар мен тұрақты орындардан өзге), санитарлық-гигиеналық жағдайлардың қажетті деңгейде қамтамасыз етілген уақытша сауда объектісі және тағы басқа уақытша объектілер. Маусымдық бөлшек сауда объектілері, қоғамдық тамақтану объектілерінің ашық (жазғы) алаңшалары, жәрмеңкелік сауда объектілері, көшпелі сауда кешендері (автодүкендер), киіз үйлер, шатырлар, сауда автоматтары, жайма сөрелер, металл дүңгіршектер, будкалар, әжетханалар, құрылыстағы тұрмыстық (күзетші үйшігі) және басқа да объектілер.

12. Жасыл өсімдіктер – қаланың жобалық шешіміндегі санитарлық-гигиеналық және экологиялық жағдайын қамтамасыз етіп, көріктендіру мен сәулет-ландшафтық әсемдеу деңгейін көтеруге әсер ететін, өсімдік текті объектілер (ағаштар, бұталар, көгал алаңдар, гүлзарлар).

13. Бөлінген аумақ – алаңы, шекарасы, орналасқан жері, құқықтық мәртебесі және басқа да сипаттамалары қала құрылысы құжаттарында және мемлекеттік жер кадастрында көрсетілген, заңнамамен қарастырылған құқығында жеке және заңды тұлғаларға берілген қала аумағының бөлігі.

14. Құрылыс салушы – жаңа құрылысқа, қайта өңдеуге, жөндеуге, сондай-ақ

бұзуға, бөлшектеуге, ғимаратты, құрылысты, үйлерді қиратуға тапсырыс беруші.

15. Іргелес аумақ – жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі, иелігіндегі және жалға алынған ғимараттың, құрылғының, құрылыс алаңы қоршауының, сауда мен жарнама объектілерінің шекараларына тікелей түйісетін аумақ.

16. Өтпе жол – автомобиль көліктерінің шағын аудан, орамдар ішіндегі тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға басқа да қалалық құрылыс объектілеріне келіп жетуін қамтамасыз ететін жол бөлігі.

17. Үй иеленуші – жеке меншігінде не басқалай заңды негізде тұрғын (жеке, көппәтерлі) үйі және тұрғын емес (әкімшілік, сауда, өндірістік, мәдени-тұрмыстық және басқа мақсаттағы) ғимараттар немесе солардың бір бөлігі (бірігіп иелену) бар заңды және жеке тұлғалар.

18. Тұрғын үй–коммуналдық шаруашылығы уәкілетті органы (әрі қарай - тұрғын үй–коммуналдық шаруашылығы бөлімі) - тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және қалалық инфрақұрылым саласындағы уәкілеттілігін Көкшетау қаласының әкімдігі белгілеген мемлекеттік мекеме.

19. Басқа уәкілетті органдар – Көкшетау қаласының әкімі мен әкімдігіне қарайтын мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік басқару органдары, сондай-ақ мемлекеттік басқару орталық атқару органдарының аумақтық құрылымдары.

3. Аумақты жинау мен санитарлық ұстау тәртібі

20. Барлық заңды және жеке тұлғалар меншік түрлеріне, ведомстволық қатыстылығына қарамастан тұрғын үй, әкімшілік, өндірістік, сауда ғимараттар мен қондырғыларды, сондай-ақ бөлінген, бекітілген және іргелес жатқан аумақтарды, жүйелі түрде (қолмен және механикалық) тазалау жұмыстарын жүргізеді. Қоқысты, ал қысқы мезгілде қарды арнайы белгіленген орынға уақтылы тасып шығару үшін барлық қажетті шараларды қолданылады.

21. Жалпыға бірдей қолданылатын аумақтар жеке және заңды тұлғаларға іргелес емес және бекітіліп келісім-шартқа сәйкес берілмеген, қалалық бюджет қаражаты есебінен мамандандырылған кәсіпорындар жинап, тазалайды.

22. Тұрмыстық қатты қалдықтарды тасып-жоюды мамандандырылған кәсіпорын жоспарлы-тұрақты жүйе бойынша аталған кәсіпорындармен және заңды және жеке тұлғалармен жасалған келісім-шарт негізінде жиналған нормаға сәйкес жүзеге асырылады, егер олар тұрмыстық қатты қалдықтарды өз күштерімен полигонға уақтылы тасып шығарып тұруға техникалық мүмкіндіктері жоқ болған жағдайда.

23. Егер тұрмыстық қатты қалдықтарды және басқа да қоқысты өз күштерімен тасып шығаратын болса, қоқысты полигонға қабылдап алғаны жөніндегі белгі мен белгіленген тәртіп бойынша бекітілген қоқыстың жинақталу

нормасы дәлелдейтін құжат болып табылады.

24. Мамандандырылған кәсіпорынның басшылары тұрмыстық қатты қалдықтарды толық көлемінде тасып шығару кестесінің қатаң сақталуына жеке жауапкершілік алады.

Контейнерлік алаңшалары мен оған іргелес аумақтардың қоқыстануын болдырмау үшін контейнерлік алаңшалардағы контейнерлерді тазалау оның толуына қарай жүргізіледі. Іске жарамды, жыл сайын сырланған, иеленушінің маркировкасы болатын контейнерлер пайдаланылады. Контейнерлер орнатылатын алаңша су өткізбейтін жабындыны, қоршауды және арнайы техника үшін қолайлы кіреберісті қамтиды.

25. Ірі көлемді қоқыстар арнайы бөлінген алаңға жиналып, жиналу көлеміне қарай, кемінде аптасына бір рет тұтынушының жеке тапсырысы бойынша мамандандырылған кәсіпорын, мердігер-ұйым тасып шығарады.

26. Арнайы техникаға тиеген соң шашылып-төгілген қоқыстарды жинау арнайы техника иесінің күшімен дереу жүргізіледі.

27. Канализация жүргізілмеген үй иелектері аумағында тұрмыстық сұйық қалдықтарды жинау үшін белгіленген нормаларға сай су өтпейтін шұңқырлар жасалады. Сұйық қалдықтарды тасып шығару мамандандырылған кәсіпорынның вакуумды көлігімен қажеттілікке орай, осы мақсатқа арнайы бөлінген орындарға жүзеге асырылады.

28. Қала шеңберінде орналасқан теміржолдар, оқшаулау тілімдері, кима жолдар, төсеніштер, виадуктер, өтпезолдар, вокзал перрондары, аялдамалық платформалар, темір жол кәсіпорынның күші мен құрал-жабдықтарымен тазаланады. Темір жолдың оқшаулау тілімдері ведомстволық нормативтерімен алдын ала келісілген жеке көлемге ие. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің келісіміне сәйкес іргелес жатқан аумақты да қоса тазалау үшін көлем деңгейіне ұлғайту бағытына қарай өзгеріс енгізіп келісім шарт жасалуы мүмкін.

29. Жаға шегіне іргелес аумақтар мен айлақтар өздері қарайтын немесе келісім шарт негізінде бекітіліп берілген кәсіпорын мен ұйымдардың күшімен тазартылады.

30. Қоғамдық көліктерге арналған аялдамалық павильондар мен аялдама алаңдары, сондай-ақ оларға іргелес аумақтар мамандандырылған кәсіпорынның күші мен құрал-жабдықтарын пайдалана отырып тазаланады; ал қоғамдық көліктерге арналған аялдамалық павильондар мен аялдама алаңдары жеке және заңды тұлғалардың жекеменшігі болған жағдайда – соңғылардың күшімен тазартылады.

31. Жалпыға бірдей пайдаланылатын орындарды тазалау мемлекеттік тапсырысқа сай кәсіпорындар мен ұйымдар келісім шарт негізінде жиналған қоқыстар тез арада қалалық қоқыс үйіндісіне тасып әкету арқылы жүргізіледі.

Барлық заңды және жеке тұлғалар меншік түрлеріне, ведомстволық қатыстылығына қарамастан:

1) смет, қоқыс қалдықтарын көгал алаңдарда, тротуарларда, өтпезолға үюге;
2) кез келген қоқысты үй иесінің шекарасына шығаруға және жалпыға бірдей пайдаланылатын қалалық аумақтарда қалдыруға, оның ішінде қатты тұрмыстық қалдықтар;

3) тұрғын үй құрылысы аумақтарында, скверлерде және саябақтарда ағаш және жапырақтарды жағуға;

4) үй иеліктері аумағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің келісімінсіз коммерциялық және сауда ұйымдары мен мекемелеріне арнайы мамандандырылған кәсіпорынмен қызмет көрсету үшін қосымша контейнерлер орнатуға;

5) қоқысты шығаратын кәсіпорынмен келісім-шартсыз барлық түрлердегі меншіктегі тұрғын үй қорында орнатылған, жалпыға пайдаланудағы қалалық аумақтарда орналасқан контейнерлермен пайдалануға жол бермеуді қамтамасыз етеді.

32. Жер пайдаланушылар мен үй иелері, меншік түріне қарамастан:

1) өздеріне тиесілі немесе өздері пайдаланатын:

Тұрғын, тұрғын емес ғимараттарды, іргелес аумақтарымен объектілерді, өткел құрылғыларын, тротуарларды, жаяу жүргіншілер жолын, орамшілік өтпезолдарды, аула аумағын, жағажайды, демалыс зонасын, рыноктарды, сауда алаңдарын және уақытша (маусымдық) бөлшек сауда үшін арнайы бөлінген орындарды, қалалық бейіттерді қорымын, автотұрақтарды техникалық түзулікте өз есебінен ұстайды:

2) көпқабатты үйлердің кіреберістерінің тазалығы мен тәртібін сақтауға, олардың тұрақты жарық болып тұруын, лифттердің, қоқыс құбырларының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

3) ведомстволық қатыстылығына қарамастан жасыл өсімдіктерді сақтау, уәкілетті органдармен келісілген жобалар бойынша жасыл өсімдіктерді отырғызу жүргізеді, агротехникалық іс шаралардың толық кешенін жүргізеді, оның санында санитарлық кесуді, зиянкестер мен карантинді арам шөптерді жою жұмыстарын өз күштерімен немесе келісім шарт негізінде жүргізіп отырады.

Магистралдық инженерлік коммуникацияның күзетілетін зонадағы жер үсті желілеріндегі жасыл өсімдіктерді санитарлық қию, қиылған материалдарды тез арада қалалық қоқыс үйіндісіне апарып тастауымен жүргізіледі;

4) кәсіпорындар мен ұйымдардың балансында және күтімінде тұрған жүйелерден басқа, жаңбыр мен жерасты суларына арналған арықтарды, құбырлар мен дренаждарды уақтылы тазалап тұруды іске асырады;

5) құрылыс және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарды жасағанда жұмыс

аумағы мен оған іргелес жатқан аумақты көріктендірудің бұзылған элементтерін қалпына келтіруімен уақтылы тазалап отырады;

6) мемлекеттік меншіктегі объектілерге келтірілген залал туралы тиісті органдарға хабарлайды;

7) шатырдың асты және жертөлелердің есігіне құлып салып, желдету шараларын орындауымен ұстайды.

33. Қаладағы, тұрғын үйлер мен оларға іргелес аумақтардағы қалыптасқан сәулеттік бейнені сақтап және жақсарту үшін оларға сауда объектілерін (кеңселерді) орналастырған кезде, заңды және жеке тұлғалар меншігіне қарамастан алдын ала жасалған және келісілген жоба бойынша ғимараттардың қасбеттерін әрлеу және іргелес аумақтарды көріктендіру жөніндегі шаралар атқаруды қамтамасыз етеді:

1) қасбетті әрлеу;

2) ғимараттың жалпы стиліне сәйкес келетіндей есік алдын, арбамен жүретін мүгедектер кіруге пандустар, маңдайшалар орнату;

3) өткел құрылғыларын, тротуарларды, орамшілік өтпезолдармен қосылған жерлерін, автокөлік тұрақтарын, көгалдарды, жасыл өсімдіктерді орнату;

4) орындықтар, урналар, қоршаулар орнату;

5) ғимаратқа іргелес жатқан және көлік жолына немесе өтпезолға дейінгі көше аумағын жарықтандыруға жететін сыртқы жарық құрылғыларын, жарықты жарнама, қасбеттерге шам орнату;

6) ең аз көлемдегі қажетті ақпаратты қамтитын, жалпыға ортақ стилдегі, көркемдеп жасалған ілмелер орнату.

34. Ғимаратта жалғыз объекті орналасқан жағдайда, оның иесі сәулет және қала құрылысы саласындағы уәкілетті органның келісімімен қасбеттің бір бөлігін немесе толықтай әрлеуді қамтамасыз етеді, ал басқа ие немесе жалға алушы пайда болған жағдайда шыққан шығынын қайтарып ала алады. Бірнеше объект болған жағдайда қасбетті безендіру, іргелес аумақты көріктендіру және санитарлық тазалау жұмыстары олардың иелерінің үлестеріне сай бірыңғай сәулеттік–көркемдік бейне мен жұмыстың бір уақытта жүргізілуін қадағалай отырып жасалады.

4. Жалпыға бірдей пайдаланылатын орындар мен бекітілген аумақтарды жинау және күтіп ұстау

35. Жалпыға бірдей пайдаланылатын орындар мен бекітілген аумақтарды жинау және күтіп ұстау меншік түрлеріне, ведомстволық қатыстылығына қарамастан заңды және жеке тұлғалармен жүргізіледі.

36. Жалпыға бірдей пайдаланылатын орындар мен бекітілген аумақтарды

жинау және күтіп ұстау жұмыстарына мынадай жұмыс түрлері кіреді:

1) аумақты сыпыру, қалдықтар мен қоқыстарды жинап арнайы бөлінген орындарда жарактандырылған контейнерлік алаңдарға қойылған типтік контейнерлерге салу;

2) тұрмыстық қатты қалдықтар мен ірі көлемді қоқысты жинап, қалалық үйіндіге тасу. Тасып-төгу тиісті құжатпен расталуы керек;

3) шөптерді, бұталарды және басқа да жабайы өсетін өсімдікті шауып, тасып шығару;

4) шағын сәулеттік нысандарды және қоршауларды жөндеп, сырлау.

37. Көктемгі-күзгі кезеңде жинаудан басқа, ауа райына байланысты көшелерді, алаңдар мен басқа да жалпыға бірдей пайдаланылатын орындарды сумен жуу жұмыстары жүргізіледі.

38. Жер пайдаланушылар арасында жинайтын аумақтың шекарасын анықтау заңды және жеке тұлғаларға бекітілген аумақтарға сәйкес және көше-жол желісі, алаңдар, қоғамдық орындар бойынша аталған қызмет түріне мемлекеттік тапсырыстан бөлінген қаржы көлемін есепке ала отырып тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы уәкілетті органы жүзеге асырады.

39. Орамшілік және басқа аумақтарды жинау шекарасы осы Қағидаға сәйкес бөлінген жер учаскелері мен бекітілген аумақтар шегінде анықталады.

40. Құрылысы бар ауданда жоспарлы-тұрақты тазалаудың кезектілігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі мен санитарлық қызмет органдарының келісімімен белгіленеді.

41. Жер пайдаланушылар маусымдық жағдайға және ауа райына байланысты өздеріне бөлінген, бекітілген аумақтың шекарасында тазалау, суару, тротуарға құм себу, қоқысты, қар мен мұзды шығару, су қоймалары мен дренаждарды тазалау жұмыстарын жүйелі түрде орындайды.

42. Бөлінген және бекітілген аумақтар мен оларға қала көшелерінен тақап келетін жолды жинау, күту жұмыстарын осы аумақта орналасқан құрылыстың иесі немесе пайдаланушысы болып табылатын тұлға өз бетімен немесе тазалаудың тапсырыстық жүйесі арқылы жүзеге асырады.

43. Сапаржайларды, автостанцияларды, қоғамдық көліктің диспетчерлік пункттерін, такси тұрақтарын жинау мен ұстауды аталған объектілердің иелері немесе пайдаланушылары жүргізеді.

44. Жанар-жағар май құю станцияларын, көлік жуу, ақылы автотұрақтарды, гараждар мен іргелес аумақтарын (өтетін жол бөлігіне дейін) және оларға кіреберістерді жинау, аумақтың тазалығын сақтау жұмыстарын олардың иелері жүзеге асырады.

45. Өнеркәсіптік кәсіпорындарды санитарлық-қорғау аймақтары мен сумен қамтамасыз ету негіздерін санитарлық күзету аймақтарының аумағын жинау

жұмыстарын олардың иелері іске асырады.

46. Инженерлік-техникалық және гидротехникалық құрылғыларға іргелес аумақты осы құрылғылардың иелері жинап, күтеді.

47. Жоғарыдағы және жер астындағы суларды қала аумағынан ағызып әкетуге арналған каналдар, құбырлар мен дренаждарды алдын ала тексеріп, тазалауды, жаңбыр суын жинайтын коллекторларды, жаңбырқабылдағыш құдықтарды тазалап, пайдаланатын кәсіпорын, аула аумағында – пәтер иелерінің кооперативтері, жекеменшік учаскелер мен кәсіпорын аумақтарында аумақ иелері жүзеге асырады.

48. Сыртқы жарық көздері бағанасының және байланыс желісі айналасындағы аумақтарды осы аумақ бекітіліп берілген тұлғалар тазалайды. Құлаған шам бағаналарын бағана иесі негізгі жол үстінен дереу алып кетуі тиіс; басқа аумақтардан, сондай-ақ бұзылып алынған бағаналарды – бір тәулік ішінде тасып әкетуі керек.

49. Ұзақ уақыт бойы пайдаланылмай жатқан және игерілмеген бөлінген аумақтарды, бұзылып алынған құрылғылардың орнын тазалау жұмыстарын жер пайдаланушы немесе құрылысшы өз бетімен немесе тазалаудың тапсырыстық жүйесімен жүзеге асырылады.

50. Сауда объектілерінің иелері, уақытша объектілерді қоса есептегенде іргелес аумақты қоқыстан тазартып, тазалықты сақтайды.

51. Базар аумағын, оған іргелес жатқан базар алаңын, қоқыс жинағыштарды жинау және оларды тиісті күтіп ұстауды базар иелері өздері атқарады. Базар аумағына қатты төсеніш төселуі керек. Жылдың жылы мезгілінде, базар аумағы сипырылып жуылады.

52. Жалпыға бірдей пайдаланылатын аумақтарда жеткілікті мөлшерде қоқыс салынатын урналар орнатылады, оларды ара қашықтығы - адам көп жүретін жерлерде 40 метрден, адам аз жүретін жерде 100 метрден артық болмауы керек.

53. Қалалық көлік аялдамаларында, тұрақты (стационарлық) объектінің әр кіру (шығу) есігінде кемінде екі урна, уақытша объектіде – бір урна орнатылады.

54. Жер пайдаланушылар мен басқа да тұлғалар өздеріне бөлінген және бекітіліп берілген аумақтарда урналар орнатып, олар толған кезде тазалап, сондай-ақ ластану деңгейіне қарай, ең кемінде аптасына бір рет жуып тұруды қамтамасыз етеді.

55. Жағажайлардың, демалыс аймақтарының аумағын тазалау, жыл сайын таза құм төгу, құмның үстіңгі бетін механикалық қопсыту, жиналған қалдықтарды жою жұмыстарын меншік иелері, жалға алушылар және ол аумақтар бекітіліп берілген тұлғалар атқарады. 56. Жағажай аумағы шешінетін орындармен жабдыкталады. Жағажайлар мен саябақтарда, басқа да демалыс аймақтарында қоғамдық әжетханалар орнатылады.

57. Саяжайлар мен жағажайлар, орнатылған урналардан басқа, контейнер орнатуға арналған үш жағынан қоршалған қатты төсегішімен арнайы алаңшалармен жабдықталынады. Жағажайдың техникалық қызметкерлері жағажай жабылғаннан кейін жағалауда, шешінетін орында, әжетханада, көгалда негізгі тазалау жұмыстарын жүргізіп, астауларды тазалап, әжетханаларды залалсыздандыруы қажет. Күндіз ағымдағы тазалық жұмыстары жүргізіледі.

58. Жалпыға бірдей пайдаланылатын демалыс аумағында қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актілерге, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сай сауда объектілерін орналастыруға рұқсат етіледі. Осы объектілерді күтіп ұстау және жөндеу, күн ағымында бекітілген аумақты тазалау, қоқысты шығару міндетімен иеленушілер есебінен жүргізіледі.

59. Стадиондарды, спорт алаңдарын, күту, жинау жұмыстары баланс ұстаушылардың техникалық қызметкерлері арқылы жүзеге асырылады.

60. Ұйымдар, кәсіпорындар мен мекемелер, сауда объектілері, демалыс және көпшілік орындарға келушілер үшін ақысыз тұрақтармен қамтамасыз етіледі.

61. Жеке адамдардың иелігіндегі жеңіл автокөліктердің гараждарын орналастыру үшін бөлініп, бекітіліп берілген аумақтар, күзетілетін ашық автотұрақтар, жалпыға бірдей пайдаланылатын тұрақтар, техникалық қызмет көрсететін станциялар, такси тұрақтарын тазалап, күтіп ұстау олардың иелері және пайдаланушылармен атқарылады.

62. Жеңіл автокөліктердің ашық автотұрақтары тұрғын және қоғамдық ғимараттардан санитарлық және өрт қауіпсіздігіне сай алшақ қашықтықта орналастырылады.

Автотұрақтар мен техникалық қызмет көрсету станцияларында, такси тұрақтарында қоқыстар мен қалдықтарды жинау үшін урналар мен контейнерлер орналастырылады, жүйелі түрде қалдықтарды жинау мен төгу жүргізіледі.

63. Қорым аумағы қоршалып, өтпе жолдарға қатты төсеніштер төселіп, қоқыс жинағыштар қойылады. Қорым аумағынан тұрмыстық қатты қалдықтарды тасып шығару мамандандырылған кәсіпорындармен қамтамасыз етіледі.

64. Ойпат жерде орналасқан аумақты жаңбыр немесе қар суы басып кетуін ескерту үшін, жаңбыр қабылдағыш пен қарау құдықтар, сондай-ақ қалалық және орамшілік суағарлар маусымына кемінде екі реттен осы құрылғылар балансында болып табылатын тиісті қызметтердің күшімен тазартылады.

65. Су түсіруден пайда болған (инженерлік желілердегі апатты жағдай салдарынан) су басып кету қаупін жою міндеті осы қателікті жіберген ұйымның жауапкершілігінде болады.

66. Жапырақтар түсе бастаған кезде өздеріне бөлінген, бекітілген аумақтарды тазалауға жауапты барлық тұлғалар көгалдардан, көшелерден, жолдар мен өтпешолдардан, аула аумақтарынан түскен жапырақтарды жинап шығарады.

Жиналған жапырақтар арнайы бөлінген учаскелерге немесе көму орнына шығарылады.

67. Кәсіпорындар мен инженерлік жүйелердің аумағынан шыққан жерүсті суларын шаруашылықтық, фекалды және жаңбыр канализациясына ағызуы, тек канализация желілерін пайдаланушы кәсіпорынның келісімі және келісім шарты болғанда рұқсат етіледі.

5. Көшенің өтпежол бойын, аялдама және отырғызу алаңшаларын қысқы және жазғы кезеңде тазалау

68. Көшенің көлік жүретін бөлігін, қалалық жолаушылар көлігінің аялдама алаңшаларын көлденеңінен, алаңдарды, қалалық жол желісінің жолдары мен өтпе жолдарын, тұрақ қалташаларын, көпірлерді, автобус маршруттарының соңғы аялдамаларындағы тұру-бұрылу алаңдарын тазалауды және ұстауды, осы жұмыстың өндірісінде мемлекеттік тапсырыс келісім-шарт негізіндегі мердігер-кәсіпорындар немесе осы мақсатқа бекітілген ұйымдар мен кәсіпорындар немесе жер телімін пайдаланушы жүргізеді.

69. Жолдардың жүру бөлігі, сондай-ақ жолдың жағалауы ластанудың барлық түрлерінен толық тазаланады.

70. Бөлу сызығының көгал жақ бөлігін тазалау, көлік жолындағы, тротуарлардағы, көгалдардағы қоршауларды және басқа да көріктендіру элементтерін күту жұмыстарын оларды баланста ұстаушы кәсіпорындар іске асырады.

71. Меншік түрлеріне, ведомстволық қатыстылығына қарамастан барлық заңды және жеке тұлғалар:

1) көшені механикалық тазалау кезінде көлікті жол бойына тастап кетуге;
2) автокөліктерден жол үстіне және жиегіне тротуарларға қоқыс лақтырып кетуге;

3) тазалау жұмыстары кезінде қоқысты бөлінген немесе бекітілген аумақтың жол үстіне не керісінше тасуға;

4) көлік құралдармен жол жиектеріне шығып кетуге, әрі асып өтуге және тротуарларға, көгалдарға тоқтап, көліктерін қоюға, олар арқылы басқа жаққа өтуге;

5) жол төсеніштерін, жол құрылғыларын, белгілерді, жол қозғалысын реттеу құралдарын бүлдіруге;

6) ғимараттар мен қондырғыларға, өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне аппаратын көшелерді, жолдарды, өтпежолдарды, кіреберістерді жауып тастауға бөгет жасауға;

7) канализацияның, өнеркәсіптік және іркінді суларды көшенің көлік жолына

және жолдарға ағызып жіберуге;

8) арнайы келісімсіз жасалатын, жол жабынын бүлдіруі мүмкін жұмыстарды атқаруға жол бермеуге шара қолданады.

72. Қалалық қоғамдық көлікке отырғызу алаңшаларын, аялдама кешені мен оған іргелес аумақты тазалауды және жууды сауда-аялдама кешенінің иелері, жалға алушылары, олар болмаған жағдайда тікелей жақын орналасқан (бекітілген аумақ шегінде) сауда кешендерінің, тұрғын емес жайлардың, ғимараттардың иелері, жалға алушылары, жүретін жол бөлігіне тазалау жүргізетін кәсіпорындар жүзеге асырады.

73. Қала көшелерінің көлік жүретін жолдарын және өтпе жолдарын қысқы кезеңде тазалау жұмысы жұмыс технологиясын анықтайтын регламенттерге сәйкес жүргізіледі.

74. Қала аумағын тазалауға жауап беретін ұйымдар көктайғаққа қарсы материалдардың қажетті мөлшердегі қорын жасап, тасып әкеліп, жинап қоюларын қамтамасыз етеді.

75. Жол жиегіндегі қарды тазалау мен шығару осы көшенің немесе өтпе жолдың жүретін бөлігіне тазалауға жауапты кәсіпорындардың күшімен атқарылады.

76. Саябақтарда, орман бақтарда, бақтарда, скверлерде, гүлзарларда және басқа да жасыл аймақтарда жолды тазалау кезінде химиялық реагенттері жоқ қарды үйіп қоюға, алдын-ала арнайы дайындалған алаңда көк желектерге зиян келмейтіндей шартымен және еріген қар суы ағып кететіндей етіп рұқсат етіледі.

77. Қыс кездерінде жолдар, бақтағы отырғыштар, урналар, басқа да элементтер мен шағын сәулеттік нысандар, сондай-ақ олардың алдындағы және екі жағындағы кеңістіктер, оларға келетін жол қар мен мұздақтан тазаланады.

78. Тротуарлар мен көлік жүретін жолындағы, инженерлік желілердегі апат салдарынан пайда болған мұздақтар желі иелері кәсіпорындардың күшімен ойылып, тазаланады. Ойылған мұз белгіленген жерге тасылады.

79. Көлік жолындағы, өтпешолдардағы, тротуарлар мен аула аумақтарындағы тазалау жұмыстарының технологиясы мен өндіріс режимі ауа-райының жағдайына қарамастан көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасамайтындай жағдайды қамтамасыз етеді.

80. Тазалау жұмыстары өндірісі кезеңінде:

1) магистралдардың, көшелер мен өтпешолдардың көлік жолдарына, тротуарлар мен көгалдарға орамшілік жолдардан, аула аумақтарынан, кәсіпорындардың, ұйымдардың, құрылыс алаңдарының, сауда объектілерінің аумақтарынан, жиналған қарды тасып, үюге;

2) көктайғаққа қарсы реагент ретінде техникалық тұзды, сұйық хлорлы кальцийді тротуарларға, қалалық жолаушылар көлігіне отырғызатын

алаңшаларға, саябақтарға, скверлерге, аулалар мен басқа да жаяу жүргіншілер және жасыл желек зоналарына пайдалануға;

3) былғанған және тұздалған қарды, сондай-ақ мұз сынықтарын көгалдарға, гүлзарларға, бұталарға және басқа да жасыл өсімдіктерге ротормен лақтыруға, т а с у ғ а ;

4) барлық жолдар мен көшелердің және өтпешолдардың қиылысында бір деңгейде және теміржол өткеліне көріну үшбұрышы аймағында немесе жоғарлатылған бордюроммен жабдықталған жол учаскелерінде қар үйінділерін ж а с а у ғ а ж о л б е р і л м е й д і .

81. Тәулік бойы кезекшілікте тұратын көктайғаққа қарсы материалдарды тарататын барлық машиналар жұмыс үшін белгілі бір көшелер мен жолдарға бекітіледі, маршруттық кестенің көшірмесі жол қағазымен бірге жүргізушінің қ о л ы н а б е р і л е д і .

82. Қар жауа бастаған бойда ең бірінші кезекте көлік қозғалысына ең қауіпті көшелердің учаскелері: тік түсулер мен көтермелер, көпірлер, жол қиылыстары, қоғамдық көлік аялдамалары, сондай-ақ жедел түрде тежеу талап ететін тағы басқа жерлер көктайғаққа қарсы материалдармен өнделеді.

83. Бір жақты қозғалысты көшелер мен өтпешолдар қыс бойы қар мен мұздақтардан борттық тасқа дейін тұрақты тазартылады.

84. Қарды төгу тек қана белгіленген тәртіппен келісілген орындарға жүзеге а с ы р ы л а д ы .

85. Уақытша қар үю орындары қар ерігеннен кейін қоқыстан тазартылады және к ө р і к т е н д і р і л е д і .

86. Аула аумақтары, тротуарлар мен өтпешолдар қар мен мұздақтан асфальтқа дейін тазартылып, қар мен мұз қартөккіштерге шығарылады. Мұздақ (көктайғақ) пайда болған жағдайда ұсақ құммен өндеу жүргізіледі.

87. Аула аумақтары мен орамшілік өтпешолдардан шығарылған қарды көлік пен жүргіншілер қозғалысына бөгет жасамайтындай етіп аулаға үюге рұқсат б е р і л е д і .

88. Аула ішінде, аумағында қар үйген кезде еріген қар суының қайда а ғ а т ы н ы н е с к е р е д і .

89. Қыс мезгілінде ғимараттардың иелері мен жалға алушылары үй төбесін қардан, мұздақтан уақтылы тазалауды ұйымдастырады.

90. Ғимарат шатырын қар мен мұздақтан тазалаған кезде тротуарға қар лақтыру жұмысы тек жарық кезде және көше жаққа қараған еңіс беттен жаяу жүргіншілердің қозғалысына қауіп тумайтындай сақтық шаралары жасалуымен жүргізіледі. Қарды басқа еңіс беттен, жазық еңіс беттен лақтырған кезде ішкі а у л а а у м а ғ ы н а т а с т а у к е р е к .

91. Ғимарат төбесінің жаяу жүргіншілер жолына шығатын жағын тазалау,

қауіпті учаскеге алдын ала орнатылған қоршау қойылып, қарды, мұз бен қоқысты суағар құбырының құйғысына тастауға жол берілмеуімен жүргізіледі.

92. Көшелер мен өтпезолдардың жол жабынын сыпыру жол төсенішін алдын ала ылғалдандырып, күндізгі уақытта, ал көлік қозғалысы көп болатын алаңдарда мен көшелерде түнде тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы бөлімі бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

93. Көшелер мен өтпезолдардың, алаңдардың жүретін бөлігінің жол жабынын жуу түнде, ал қажет болған жағдайда күндіз жүргізіледі.

94. Көлік жолын жуғанда су ағынымен қоқыстарды тротуарларға, көгалдарға, көк желектерге, аялдама павильондары мен жолаушылар көлігіне, жақын орналасқан ғимарат қасбеттері мен сауда объектілеріне шашусыз рұқсат етіледі.

95. Ыстық күндерде жол жабындарын жуу сағат 12-ден - 16 дейін (екі сағаттық үзіліспен) жүргізіледі.

6. Қалдықтарды жинау, уақытша сақтау, тасу және қайта өңдеу

96. Тұрғын үй алабы аумағында көлік үшін кірме жолы ыңғайлы контейнерлерді орналастыру үшін арнайы алаңдар бөлінеді. Алаңдар тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, спорттық алаңдардан және тұрғындардың демалу орындарынан санитарлық қызмет органымен міндетті түрде алдын ала келісе отырып, 25 метрден кем емес қашықтықта орналасады. Алаңдардың аумағы контейнерлердің қажетті санын орналастыруға есептеледі.

97. Құрылыстың көркейту алабындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау үшін сыйымдылығы 0,75 куб метр стандартты, металдан жасалған контейнерлер қолданылады. Жазғы кезеңде контейнерлерді ауыстырылмайтын жүйе болғанда 10 күнде бір реттен кем емес, ал ауыстырылатын жүйеде әрбір төккеннен кейін жуылады. Жеке үй иеліктерінде қақпақтары бар еркін конструкциядағы ағаштан, металдан жасалған ыдыстар қолданылады.

98. Аумақтарында контейнерлік алаңдары бар, меншік түрлеріне қарамастан жеке және заңды тұлғалар:

1) контейнерлік алаңдардың кірер жолдарында қатты бүркеулері болып, қоқыстың іргелес жатқан аумақтарға таралмауы үшін жабық қоршауын болуды;

2) контейнерлік алаңдар мен оған іргелес аумақтардың қалыпты санитарлық ұстауды, сонымен бірге алаңдар мен контейнерлердің дезинфекциялануы мен дезинсекциялануын, үнемі жуылуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданды;

3) тұрмыстық қатты қалдықтар мен ірі көлемді қоқыстарды уақтылы тасымалдауды;

- 4) тұрмыстық қалдықтардың контейнерлерде жануын болдырмауды;
 - 5) контейнерлік алаңдарға кіру жолдарын қардан және мұздан тазартуды
- қ а м т а м а с ы з е т е д і .

99. Қалада тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау мен жоюдың жоспарлы-тұрақты жүйесі әрекет етеді. Ол мамандандырылған ұйымдарымен шарт бойынша қоқыстардың тұрақты шығарылуын бекітілген кезеңімен өтінішсіз және қаланың санитарлық қызметінің келісімімен қарастырады:

- 1) тұрғын үй алабы үшін – үй иелерімен келісіліп, мамандандырылған ұйыммен бекітілген және контейнерлердің толып кетпеуін болдырмайтын кесте б о й ы н ш а ;

- 2) қоғамдық және мәдени бағыттағы объектілер үшін – қажеттілік бойынша, а п т а с ы н а е кі р е т т е н к е м е м е с ;

- 3) шағын қабатты үйлер үшін, жеке тұрғын үйді қоса – қажеттілік бойынша, а п т а с ы н а б і р р е т т е н к е м е м е с .

100. Жоспарлы-тұрақты жинап отыру үшін әрбір мамандандырылған ұйымға уәкілетті тұрғын үй-коммуналды шаруашылығы органымен анықталған шекарадағы аумақтар бекітіледі. Қалдықтар таңертеңгі сағат 7-ден ерте емес және кешкі сағат 23 сағаттан кеш емес уақытта шығарылуы тиіс. Арнайы машинаның әрбір рейсі полигон әкімшілігімен жол жүру парағында тіркеледі.

101. Қатты және сұйық тұрмыстық қалдықтарды шығару, сақтау, залалсыздандыру, жинау және көму арнайы бөлінген орында немесе залалсыздандырып, қайта өңдейтін арнайы құрылғыда жүзеге асырылады. Тұрмыстық қатты қалдықтар полигонын ұстауға пайдаланушы, мамандандырылған ұйым жауап береді.

102. Ауладағы, канализацияға қосылмаған және қоғамдық әжетханалар тұрғын және қоғамдық ғимараттардан балалар ойнайтын және ересектер демалатын алаңдардан кемінде 25 метр, бірақ 100 метрден артық емес қашықтықта орналасуы керек. Аула әжетханаларының шұңқырлары олар толған сайын, бірақ жарты жылда бір реттен кем емес тазартылады.

103. Денсаулық сақтау ұйымдарындағы пайда болатын қалдықтарды жинау, сақтау, шығару медицина ұйымдарының қалдықтарын жинауға, пайдалануға, залалсыздандыруға, тасуға, сақтауға және көмуге қойылатын талаптарға сай болуы керек.

7. Уақытша объектілер үшін арнайы бөлінген орындарды орналастыру және күтіп ұстау, олардың қызметін ұйымдастыру

104. Қалада уақытша объектілерді орналастыру үшін арнайы орын бөлу тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және сәулет және қала құрылысы уәкілетті органдардың келісімімен, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

105. Арнайы бөлінген орындар мен уақытша объектілерге көрсететін көлік қызметі іргелес жолдар, өткелдер, тротуарлар мен жаяу жүргіншілер бағытында көлік және жаяу жүргіншілердің қозғалысының қауіпсіздік талаптарын сақтаумен жүзеге асырылады. Тауар әкелген көліктің кіріс жолы, уақытша объектінің тікелей жанына көлік тоқтату орны, жол полициясы уәкілетті органның келісімімен жүзеге асырылады, бұл мақсат үшін тротуарлар, көгал алаңдар пайдаланылмайды.

8. Шағын сәулеттік нысандарын, сыртқы жарықтандыру қондырғыларын, қаланы жарықтандыру элементтерін орнату және күтіп ұстау

106. Тұрғын құрылыс аумақтары және жалпыға бірдей пайдаланылатын орындары шағын сәулет нысандарымен – күрке, көлеңкелі бастырмалар, гүлзарлар, отырғыштар, урналар, субұрқақтар, балалар ойынына, ересектердің демалысына арналған құрылғылар, стендтер, қоршаулар, телефон будкалары, автокөлікті күту павильондарымен жабдықталады.

107. Шағын сәулеттік нысандарын жобалау, салу, дайындау және орнату қалалық сәулет және қала құрылысы уәкілетті органымен келісілгеннен кейін жүргізіледі.

108. Шағын сәулеттік нысандарының иелері оларды ауыстыру, жөндеу және сырлауды өз есебінен жүргізеді.

109. Аумақты жарықтандыру сыртқы жарықтандыру қондырғылары арқылы қамтамасыз етіледі, оларға:

- 1) электрмен жабдықтау құрылғылары, таратушы желілері;
- 2) электр желілерін қорғау және жерлестіру қондырғысы;
- 3) басқару қондырғысы;
- 4) кронштейндер, тростық аспа тіректері жатады.

9. Заңды және жеке тұлғалардың Қағиданы бұзғандығы үшін жауапкершілігі

110. Осы Қағиданы бұзғаны үшін кінәлі заңды және жеке тұлғалар 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес жауапқа тартылады.

111. Әкімшілік жауапқа тарту шаралары, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес бұзушыларды олармен келтірілген материалдық шығынды өтеуден босатпайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК